

Қаладағы кинотеатрлар


Мақсаты: 1. Оқушылардың сүйікті істері жайлы айтқыза отырып, кино жанрын айыра алуға баулу; 2. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту; ақпараттық - коммуникативтік күзіреттілігін қалыптастыру; 3. Кино өнерін бағалай білуге, өнерді сүюге тәрбиелеу.

1. Ой шақыру. Берілген сөздермен сөз тіркесі мен бірнеше сөйлемдер құрастырындар:

ересек, қызыл зал, көк зал, басты рөл, қатар, махаббат. қызық, қорқынышты, шытырман оқиғалы, фантастикалық;

Үлгі: басты рөлде ойнау, фильм көру;

Ү. Қараңыз, суреттерге қарап сөйлеңіз. Айтылым
Үлгі: Мен суреттерде Алматы кинотеатрларын көріп тұрмын.
Мынау – «Алатау» кинотеатры...



Орыс тіліндегі сөздерді қазақ сөздерімен сәйкестендір. Жазылым

- | | |
|--------------------------|----------------------|
| 1. взрослый | а) балалар |
| 2. детский | ә) тарихи |
| 3. исторический | б) ересек |
| 4. красный зал | в) басты рөлде ойнау |
| 5. синий зал | г) басты рөл |
| 6. главная роль | д) қатар |
| 7. играть в главной роли | е) көк зал |
| 8. ряд | ж) шытырман оқиғалы |
| 9. приключенческий | з) қорқынышты фильм |
| 10. фильм ужасов | и) қызыл зал |

Грамматикалық тапсырма:

I - деңгей.

Біз, сіз, ол жіктеу есімдіктерін қатыстырып сөйлем құрап жаз.

II - деңгей. Танымдық жаттығу.

Нүктенің орнына есімдіктерді қойып жаз.

Астана – Еуразияның кіндігі.... Еуропа мен Азияның басын қосар көпір болмақ.

... Астанамыз Қазақстанның орталығында орын тепкен.

Астанамен... әлемге таныламыз. Астана -...

мақтанышымыз... болашақта елімнің мақтанышы, қуанышы болуға өз үлесімді қосамын.

III - деңгей.

Кинотеатр сөзіне бес жолды өлең.

Сұхбатты қайта тыңдаңыз, сөйлемдерді ретімен орналастырыңыз. Тілдесім

Бекіту:

1. Бүгін «Арман» кинотеатрында бір қызық шытырман оқиғалы кино болады.
2. Ендеше (тогда) ертең «Қыз Жібекке» барайық!
3. Айман, бүгін киноға барайық.
4. Қандай тамаша! «Қыз Жібек» - менің сүйікті фильмім.
5. Қандай киноға?
6. Маған шытырман оқиғалы кино ұнамайды. Маған махаббат туралы кино ұнайды.
7. Ертең «Алатау» кинотеатрында «Қыз Жібек» болады.